

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қор қызметтері жоғары сұранысқа ие

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры ағымдағы жылдың 9 айында ғана (01.01.2022-01.10.2022 жылдар аралығында) өз салымшыларына **24,1 млн қызмет** көрсетті. Оның ішінде электрондық форматта – 16,5 млн, автоматты форматта - 5,8 млн және күндізгі форматта - 1,2 млн қызмет көрсетілді. Қызметтердің жалпы көлемінің 93% жуығы қашықтан: БЖЗК сайтында немесе ұялы қосымшасында, сондай-ақ өтінішсіз режимде көрсетілді.

Жеке зейнетақы шотының (ЖЗШ) жай-күйі туралы үзінді көшірме беру - бұрынғысынша ең сұранысқа ие қызмет. Жыл басынан бері 20,7 млн-нан астам үзінді көшірме берілді. Оның 16,4 млн. жуығы (немесе 79%) онлайн-форматта беріліп, 3,8 млн. астамы «Электрондық пошта» ақпараттандыру тәсілін таңдаған салымшылар мен алушылардың мекенжайларына автоматты режимде жіберілді. Сондай-ақ, БЖЗК сайтында да, ұялы қосымшасында да бар Жеке кабинетте салымшылар өз деректемелеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу, ЖЗШ бар екендігі туралы анықтама алу, 1 немесе 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа белгіленуіне байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру сияқты қызметтерді кез келген уақытта және кез келген жерде алуға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ ерікті зейнетақы жарналары бойынша, төлемге өтініш мәртебесін қадағалау және тағы басқа көптеген қызметтерге қол жеткізе алады.

Автоматты режимдегі ең белсенді операция ЖЗШ ашу болды. 2022 жылдың 9 айында 475 мыңнан астам шот ашылды.

БЖЗК зейнетақы жинақтары төлеміне қатысты 187 мыңнан астам өтініш қабылдады. Оның ішінде 1 және 2 топтағы мүгедектіктің мерзімсіз уақытқа тағайындалуына байланысты өтініштер де бар. Мұны электронды форматта да, БЖЗК кеңселерінде де ресімдеуге болады.

Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға (1,03 млн өтініш) және емделуге (420 мыңнан астам) уәкілетті операторлардан шамамен 1,5 млн өтініш қабылданды

Жинақтарды өмірді сақтандыру компаниялары мен инвестициялық портфельді басқаратын компанияларға аудару туралы 2,5 мың өтініштен өңделді.

Күндізгі қызметтің де танымалдығы бәсеңсіген жоқ. БЖЗК-ның бүкіл Қазақстан бойынша 176 бөлімшесінде салымшыларға 1,1 млн қызмет көрсетілді, дегенмен бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 600 мыңға аз, бұл тағы да онлайн-қызметтердің танымалдылығын көрсетеді.

Естеріңізге сала кетейік, сізге жақын Қор бөлімшесін www.enpf.kz сайтынан немесе БЖЗК/ENPF ұялы қосымшасында оңай нақтылауға болады.

БЖЗК-ның барып қызмет көрсету бөлімдері де белсенді жұмыс істеуде. Олар 67 мыңға жуық қызмет көрсетті, оның ішінде 10,8 мың қызмет халықтың әлеуметтік осал тобына жататын 4,5 мың адамға көрсетілді.

Ақпараттық-түсіндіру жұмысы аясында 24,4 мың көшпелі тұсаукуесер өткізілді. Оған 500 мыңнан астам адам қатысты. Айтпақшы, кез-келген компания көшпелі тұсаукуесер өткізуге өтініш бере алады. Ол үшін 1418 нөмірі бойынша байланыс орталығына қоңырау шалу немесе БЖЗК сайты немесе ұялы қосымшасы арқылы өтініш беру қажет.

БЖЗК Қор салымшылары мен алушылары үшін сапалы кеңес беру қызметтерін көрсетуге және ақпараттық арналарды дамытуға ерекше назар аударады. 2022 жылдың 1 қазанына салымшылардың кері байланыс арналары бойынша өтініштерінің саны 661,4 мыңды құрады.

БЖЗК салымшылары мен алушылары байланыс орталығының 1418 нөмірі бойынша қоңырау шалып (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін) немесе www.enpf.kz корпоративтік сайты арқылы кеңес ала алады. Сонымен қатар, БЖЗК/ENPF ұялы қосымшасында, +7 777 000 14 18 нөмірі бойынша WhatsApp және Viber чат-боты арқылы, Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники әлеуметтік желілеріндегі БЖЗК ресми парақшаларында да кеңес алу қызметі қолжетімді.

Ағымдағы жылдың 9 айында БАҚ-та БЖЗҚ хабарламалары бойынша 26,4 мың материал жарияланды. Онда зейнетақы жүйесіне қатысты барлық мәселелер бойынша түсініктемелер берілді.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).